

6D070400 – «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету» мамандығы бойынша (PhD) философия дәрежесін алу үшін дайындалған **Алибиева Жибек Мейрамбековнаның** «Биометриялық бейнелердің ақпараттанғандылығын бағалау әдістер мен алгоритмдері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесші

ШІКІРІ

Қазіргі уақытта ақпараттарды қорғау жүйелерінің эволюциясының ең маңызды тенденцияларының бірі ол пайдаланушылардың биометриялық аутентификациясының құралдарын белсенді енгізу болып табылады. Бұл конфиденциальды ақпараттар ағынының артуларымен шартталған, пайдаланушылардың аутентификация жүйелерінің классикалық кемшіліктерімен дәлелденген, сонымен қатар әртүрлі оны қолдану аймақтарындағы қатынауды бақылау жүйелерінің жұмыстарының қашықтықтан басқару және жария болмауларын қамтамасыздандыру бойынша объективтілігінің талаптарымен берілген. Мұнымен қатар аутентификацияның биометриялық технологияларына көп көңіл бөлінулеріне байланысты әлеуметтік және коммерциялық қосымшалардың қолдану аймағының кеңінен пайдаланылуымен түсіндіріледі, мұндағы тұлғалардың автоматты түрде аутентификациясы өте жақсы қабылданатын болады. Бұл кезде кеңінен таратылатындары ретінде нейрожелілік аутентификация құралдары алынады, олар пайдаланушылардың биометриялық сипаттамаларының геометриясының кілттері ретінде қолданылады, ол бұл бағыттағы жүргізілген зерттеулердің өзектіліктерін алдын-ала анықтайды.

Алибиева Ж.М. диссертациялық жұмыстың мақсаты геометриялық параметрлермен сипатталатын, биометриялық бейнелердің ақпараттанғандылығын бағалаудың нейрожелілік әдістері мен құралдарын өңдеу болып табылады, олар теориялық негіздемелерге сүйене отырып сипаттамаларды таңдау арқылы биометриялық бейнелердің ақпараттанғандылығының тиімді бағалауларын таратуға мүмкіндіктер береді. Қойылған мақсатқа сәйкес келесі негізгі зерттеу мәселелері қалыптастырылған және шешілген:

– геометриялық сипаттамаларды айқындауға негізделген, аутентификацияның биометриялық технологияларының теориялық және тәжірибелік қорларының қазіргі заманауи күйлері зерттелген;

– тұлғалардың геометриялық параметрлеріне негізделген, биометриялық аутентификация үрдістерін қалыптастыру жүргізілген;

– нейрожелілік моделдерді өңдеу және биометриялық бейнелердің ақпараттанғандылығын бағалау әдістері жасалған;

– биометриялық бейнелердің ақпараттанғандылығын бағалаудың нейрожелілік жүйелерін өңдеу және ұсынылған шешімдердің верификациясына бағытталған экспериментальды зерттеулері жүргізілген.

Алынған нәтижелердің шынайылығы биометриялық бейнелердің ақпараттанғандылығын бағалау мәселелерінің шарттарына қойылатын үйірткілі нейронды желілердің құрылымдық параметрлеріне ұсынылған адаптация принциптарының негізделгендігімен; тәжірибелік зерттеулер және аналитикалық өрнектердің нәтижелерінің сәйкестігімен; ақпараттарды қорғаудың қазіргі кездегі бар жүйелерінің әзірленген моделдері мен әдістерінің тәжірибелік қолдануларының нәтижелермен нақтыланған.

Диссертациялық жұмыстың негізгі ғылыми нәтижелері Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігімен және білімді бақылау Комитетімен ұсынылған баспаларда басып шығарылған, сонымен қатар шетелдік, халықаралық және республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияларға қатысып, басылымдарында мақалалары жарық көрген.

Алибиева Ж.М. диссертациялық жұмысты орындау кезінде ғылыми зерттеу жұмыстарын іске асыра алды, терең және толық ғылыми – техникалық әдебиеттерді қорыту қабілетін көрсетіп, жұмыстың ғылыми жаңалығымен қатар қорытынды нәтижелерін дәлелдей білді.

Қорытындылай келе Алибиева Жибек Мейрамбековнаның 6D070400 - бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алуға ұсынылған «Биометриялық бейнелердің ақпараттанғандылығын бағалау әдістер мен алгоритмдері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым Министрлігінің Білім және Ғылым саласындағы бақылау комитетінің «Ғылыми дәрежелер беру ережелері» талаптарына сәйкес және автор мамандық бойынша PhD) философия докторы дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

**Ғылыми кеңесші,
техника ғылымдарының докторы,
профессор**



Ахметов Б.С.

10.09.18